

**Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 23 маусымда № 13816 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.02.2017 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б.Сұлтанов

2016 жылғы 26 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 30 мамыр

А. Мырзахметов

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 23 мамырдағы

№ 232 бұйрығымен

1-қосымша

## **Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1 тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде (бұдан әрі – субсидия) Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл

шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектілеріне қаржылық қызметтердің қолжетімдігін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларының шартты мал басы – осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының ірі қара малдың шартты басына айналдыру коэффициенттеріне сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру;

2) ауыл шаруашылығы жануарлары – адамдар өсіретін ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлар (ірі қара мал, ұсақ мал, жылқы, түйе және шошқа).

3) кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты – жұмыс органы, қаржы институты және оператор арасында жасалатын, қаражаттарды аударудың тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, қарыз алушылардың тізбесін көздейтін жазбаша келісім, оған сәйкес жұмыс органы қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялайды;

4) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларын жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар кредиттік ұйымдар, сондай-ақ АӨК саласындағы лизингтік компаниялар мен кредиттік серіктестіктер;

5) қарыз алушы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және/немесе өңдеумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарын қоса алғанда, меншік нысанына қарамастан жеке немесе заңды тұлға, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу бойынша қызметтерді көрсететін қаржы институттарымен қарыз шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

б) қарыз шарты – қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қарыз шарты, оның талаптары бойынша қаржы институты кредит/лизинг ұсынады;

7) қызмет көрсетуші банк – қарыз шарттары бойынша субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған қаржы институтының арнайы ағымдағы шотын жүргізу бойынша функцияларды жүзеге асыруға қаржы

институты уәкілеттік берген (заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ лизингтік компаниялар мен ауылдық кредиттік серіктестіктер үшін) екінші деңгейдегі банк;

8) лизинг – қаржы институтының кәсіпкерлік мақсаттар үшін кейіннен сатып алу құқығымен, ауыл шаруашылығы техникаларын, технологиялық жабдықтарды және ауыл шаруашылығы малдарын уақытша иеленуге және пайдалануға тапсыруы;

9) оператор – кредит/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша операторлық қызметті жүзеге асыратын ұйым;

10) субсидия қаражатын бөлу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – жұмыс органдарының, қаржы институттары мен мүдделі салалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысатын, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің орынбасарларымен басқаратын консультациялық-кеңесші орган.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармалары субсидия қаражаттарын бөлу жөніндегі комиссия жанындағы жұмыс органы болып табылады (бұдан әрі – жұмыс органы);

11) технологиялық жабдық – тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын, оларды қолданбаусыз толық технологиялық цикл қамтамасыз етілмейтін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен қайта өңдеу жөніндегі жабдықтар.

## **2-Тарау. Субсидия алу шарттары**

4. Субсидия алушылар қарыз алушылар болып табылады.

5. Субсидия мынадай шарттарды сақтаған жағдайда төленеді:

1) қаржы институттары операторға кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған өтінімді (бұдан әрі – субсидиялауға арналған өтінім) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды қоса ұсынғанда: қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған, негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кестесі қоса берілген қарыз шартының қаржы институты куәландырған көшірмесі, қағаз түріндегі және редакцияланатын электрондық форматтағы сыйақы мөлшерлемелерінің субсидияланатын/субсидияланбайтын есептеулері қоса берілген жаңартылған өтеу кестенің жобасы, сондай-ақ кредит алғаны туралы қарыз алушының несиелік шотынан үзінді-көшірмелер (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе кредиттің

аударылғанын/лизинг нысанасының берілгенін растайтын құжаттан үзінді-көшірмелер;

2) қарыз шарты мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

теңгемен жылдық 14 %-дан (он төрт) артық емес және шетелдік валютамен жылдық 10 (он) %-дан артық емес бекітілген номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 2015 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған;

теңгемен жылдық 19 %-дан (он тоғыз) артық емес және шетелдік валютамен жылдық 10 (он) %-дан артық емес бекітілген номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 2015 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған;

нысаналы мақсаты айналым қаражаттарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, ауыл шаруашылығы малын, техникасын және технологиялық жабдықты лизингке сатып алу, сондай-ақ айналым қаражаттарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, ауыл шаруашылығы малын, техникасын және технологиялық жабдықты лизингке сатып алуға бағытталған тартылған қаражатты мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу;

сыйақы мөлшерлемесі басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидияландырылмау керек;

кредит/лизингтің қаржыландыру көздері бюджеттің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болмауы қажет;

қарыз алушы қаржы институтына өтінімді берген күнге негізгі қарызды және сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің болмауы керек.

Субсидиялау қайтарымды лизинг, қосалқы лизинг шарттары бойынша жүзеге асырылмайды.

3) Қарыз шартында осы Қағидалардың 13-тармақтың 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген техникалар мен жабдықтарды сатып алу көзделген жағдайда, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің дерек қорында 50 (елу) шартты мал басынан кем емес ауыл шаруашылығы жануарларының тіркелуі немесе Қазақстан Республикасында өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдар тізімінде көрсетілген жемшөп дақылдарын өсіруге пайдаланатын және Бірыңғай мемлекеттік жер тізілімінде ескерілген осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жемшөп дақылдар тобына жататын жер учаскелері болуы тиіс.

Егер қарыз алушы ауыл шаруашылығы кооперативі болатын болса, осы Қағидалардың 5-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген шарттарды сақтау мақсатында ауыл шаруашылығы малдарының ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің дерекқорында тіркелуі немесе тиісті кооператив мүшелерінің ауыл шаруашылығына арналған жерлері есепке алынады.

6. Қолданыс мерзімі 2016 жылдың бірінші жарты жылдығында аяқталған 2015 жылы жасалған қарыз шарттары бойынша субсидиялауға арналған өтінім 2016 жылы берілген жағдайда, онда мұндай шарттар субсидиялауға жіберіледі.

7. Комиссияның субсидиялауды тоқтату туралы шешімі қабылданған қарыз шарты қайтадан бағдарламаға қатысуға жіберілмейді.

8. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға комиссияның субсидиялауды тоқтату туралы шешімі қабылданған кредитті/лизингті қайта қаржыландыруға бағытталған қарыз шарттары жіберілмейді.

9. Кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қарыздарды кепілдендіру және сақтандыру, негізгі құралдарды (оның ішінде биологиялық активтерді) сатып алу кезінде оның құнын арзандатуды субсидиялау, жаңа өндірістік қуаттар құруға не қолданыстағыларын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілері шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларымен қатар жүреді.

### **3-тарау. Субсидияны есептеу тәртібі**

10. Комиссия мақұлдаған қарыз шарттары бойынша субсидия көлемін есептеу:

1) шарттардың бүкіл қолданылу мерзімінде;

2) қаржы институттары бұрын берген қарыз шарттары бойынша субсидияны есептеу субсидиялауға арналған өтінім операторға берілген жылдың 1 қаңтарынан басталады;

3) операторға субсидиялауға арналған өтінім берген жылы жасалған қарыз шарттары бойынша субсидия көлемдерін есептеу кредит берген немесе лизинг нысанасын тапсырған сәттен басталады;

4) қаржы институты шетелдік валютамен берген қарыз шарттары бойынша субсидиялау жұмыс органы субсидиялар сомасын қаржы институттарына аударуы күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

Оң бағамдық айырмашылық жағдайында, оны болашақ субсидиялар есебіне қосып есептейді, ал егер кері бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны қарыз алушы төлейді;

5) қарыз шарттарының талаптары өзгерген жағдайда, бұрын комиссия мақұлдаған және жылдар бойынша есептелген субсидиялар сомалары артпайды, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды;

6) сыйақы сомасы азайған жағдайда, субсидиялар сомаларын азаю жағына қайта әр жыл бойынша жеке-жеке есептеу жүргізіледі.

11. Осы Қағидалардың 42-тармағына сәйкес жасалған субсидиялау шарты бойынша субсидия мөлшері "2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысының 11-1-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Қаулы) бұзылған шарттар бойынша субсидияландыру көрсетілмеген бірінші күннен бастап есептеледі.

12. Қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, теңгемен жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 5 (бес) %-ға төмендету жолымен жүзеге асырылады.

13. Қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін теңгемен жылдық 10 (он) %-ға және шетелдік валютамен жылдық 7 (жеті) %-ға төмендету жолымен субсидиялау:

ауыл шаруашылығы малын сатып алу;

мал шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және жемшөп өндірісі саласындағы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының мынадай түрлерін (жиынтықта) сатып алуға арналған қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) комбайндар, тракторлар, тракторлық тіркемелер, сепкіштер, су таситын техникалар;

2) өздігінен жүретін және тіркемелі дестелегіштер;

3) жұмыс органдары ауыстырмалы құрама әмбебап аспалар;

4) механикалық күректер;

5) тырмалардың, соқалардың, қопсытқыштардың барлық түрі;

6) суаратын жүйелер;

7) тырмалар, аударғыштар, ысырғыштар, десте қалауыштар, десте жасауыштар;

8) жемшөп жинайтын комбайндар, жемшөп жинайтын машиналар;

9) нығыздап-сораптаушы, пішен маялағыштар;

10) жемшөп араластырғыштар, жемшөп үлестіргіштер, ұсатқыштар, араластырғыштар және ұсақтағыштар;

11) тиеуіштер және теңдер мен оралған шөптерді тасымалдауға арналған арбалар, оралған шөпті кескіш пен оралған шөпті жіппен орауыш;

12) сауу қондырғылары;

13) мал шаруашылығы фермаларына арналған шетен қора жабдығы және көң шығару жүйесі;

14) автонауалар, жеке науалар;

15) құрама жем қондырғылары және шағын зауыттар;

16) сүт салқындатқыштар және салқындатқыш-танктер;

- 17) сүт талдағыштар;
- 18) сүт қабылдауға арналған қондырғылар;
- 19) пастеризаторлар;
- 20) өзі құйып алатын сепараторлар;
- 22) сүттің майлылығын автоматты түрде стандарттау қондырғылары;
- 23) мал тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары;
- 24) сүт тасуға арналған көлік құралдары;
- 25) зооветеринариялық өңдеуге арналған бекіткіш-станоктар;
- 26) шалғылар (өздігінен жүретін, аспалы, роторлық, дискілі, тіркемелі, жартылай аспалы, жаныштағыштар, ұсақтағыш-шалғылар);
- 27) ауыл шаруашылығы малдарын жаюға және ұстауға арналған жабдықтар, сондай-ақ мал шаруашылығында пайдаланылатын озық технологиялар (электрлі қоршаулар, электр энергиясының балама көздері, су көтеруге арналған жел сорғылары, радиобайланыс және бейнебақылау жүйелері, GPS навигация жүйелері);
- 28) малды сою және ұшаны мүшелеге арналған жабдықтар;
- 29) сойылған етті алғашқы өңдеуге арналған жабдықтар;
- 30) етті қайта өңдеу үшін арналған жабдықтар;
- 31) ет өнімдерінің өндірісіне арналған жабдықтар;
- 32) етті және ет өнімдерін орауға арналған жабдықтар;
- 33) сүтті алғашқы өңдеуге арналған жабдықтар;
- 34) сүтті өңдеуге арналған жабдықтар;
- 35) сүт және сүт өнімдерінің өндірісіне арналған жабдықтар;
- 36) сүт және сүт өнімдерінің бөлшектеп өлшеуге және құюға арналған құрылғылар.

14. Бір түрдегі техника мен жабдықтың бір бірлігіне мал басының жол берілген нормативі ауыл шаруашылығы жануарларының 200 (екі жүз) шартты басын немесе жемшөп дақылдарын өсіру үшін пайдаланылатын 300 (үш жүз) гектар жерді құрайды.

15. Бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктері қарыз алушыда осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген нормативке сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы немесе жемшөп дақылдарын өсіруге арналған жері болған кезде осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жағдайда субсидияланады.

Қарыз алушы ауыл шаруашылығы кооперативі болған жағдайда, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің дерекқорында ауыл шаруашылығы малдарының тіркелуі немесе тиісті кооператив мүшелерінің ауыл шаруашылығына арналған жерлері есепке алынады.



16. Осы Қағидалардың 13-тармағындағы шарттарға сәйкес субсидияланатын бір түрдегі ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың саны осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес мал шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және жемшөп өндірісі саласындағы бір түрдегі екінші және одан кейінгі техникалар мен жабдықтарды субсидиялау есебіне сәйкес анықталады.

17. Егер қарыз алушының қарыз шарттары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігіне тең немесе аз болса, онда кредиттік шарттар бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі толық субсидияланады.

18. Егер, бір қарыз шартында да осы Қағидалардың 13-тармағында баяндалған субсидиялау талаптарына сәйкес келмейтін ауыл шаруашылығы жануарын, техникасы мен жабдықтарын сатып алу көзделген болса, қаржы институты бөлек төлем кестесін береді.

19. Осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес бөлек төлем кестесі ұсынылмаған жағдайда, субсидиялау осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Келесі жағдайларда комиссияның шешімі бойынша субсидиялауды тоқтату:

1) қарыз алушының мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелері болған;

2) қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны;

3) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шотына тыйым салынған;

4) қарыз алушы қарыз шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген;

5) арыз алушы бюджеттік субсидияны алудан бас тартуы туралы жазбаша өтінген;

6) қарыз шартын бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

21. Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша субсидиялауды тоқтату қаржы институтының бастамасы бойынша жүзеге асырылады, ол өзіне көрсетілген фактілер туралы белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тиісті хатты операторға береді. Оператор қаржы институты ұсынған хат негізінде қарыз алушының сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені комиссияның кезекті отырысының карауына шығарады.

22. Оператор комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, қаржы институты мен қарыз алушыны хатпен хабардар етеді.

23. Комиссия субсидияландыруға өтінім қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, жұмыс органы 2 (екі) жұмыс күні ішінде операторды хатпен хабардар етеді.

24. Қарыз шарты бойынша, қарыз алушымен негізгі борышты мезгілінен бұрын жартылай өтеген жағдайда, қаржы институты нақты есептелген сыйақы бойынша субсидияны аударуды жүргізеді.

#### **4-Тарау. Субсидияны төлеу тәртібі**

25. Жұмыс органы мен оператор арасындағы тиісті қаржы жылының 15 қаңтарынан кешіктірмей оператор қызметтеріне төлеу сомаларын көрсете отырып, оператордың қызметтер ұсыну тәртібін, шарттарын, сондай-ақ тараптардың негізгі шарттары мен жауапкершіліктерін көздейтін кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша оператордың қызметтерін көрсету жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

Қызметтер көрсету жөніндегі шартты жасасқанға дейін, осы Қағидаларда көзделген оператордың функцияларын жұмыс органы жүзеге асырады.

26. Оператордың көрсететін қызметтерін жұмыс органы тиісті қаржы жылына жасалатын қызметтер көрсету жөніндегі шартқа сәйкес, тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген қаражат шегінде төлейді.

27. Оператор бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің интернет-ресурсына (жұмыс органы өзінің интернет-ресурсына тиісті хабарландыруды орналастырады) хабарландыруды орналастырады:

1) сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызметтер көрсету жөніндегі шарт күшіне енгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржы институттарынан құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы;

2) комиссияның тиісті шешіміне сәйкес хатты алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім қабылдауды тоқтату туралы хабарландыруды орналастырады.

28. Оператор субсидиялауға арналған өтінімді және Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді;

2) осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы қорытынды ресімдеуді жүзеге асырады, Қағидалардың талаптарына сәйкес

сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау пайызын ұсынады және әрбір қарыз шарты бойынша тиесілі субсидиялар көлемінің есебін жүргізеді;

3) жұмыс органына электрондық жеткізгіште осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды, қарыз алушылардың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы оператордың қорытындысын (ұсыныс негізінде), әрбір қарыз шарты бойынша тиесілі субсидиялар көлемінің есебін жолдайды;

4) оператордың қорытындысына қоса берілетін (осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген шарттармен субсидияландыру жағдайында) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша дерекқорынан мал басы жөнінде ақпаратын растайды;

5) жұмыс органының келісімімен, олардың мүшелеріне отырыстың өтетін орны, уақыты мен күні көрсетілген жазбаша хабарлама жолдау арқылы комиссияның отырысын шақырады.

29. Жұмыс органы облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің шешімімен бекітілетін, құрамында комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері және хатшысы бар, субсидия қаражатын бөлу туралы комиссия құрайды. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

30. Егер комиссия отырысына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды болып есептеледі.

31. Субсидияландыруға арналған өтінімдерді мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдайды және хаттама түрінде рәсімделеді. Өтінімі қаралатын қарыз алушыны білдіретін немесе субсидияландыру үшін өтінімді берген қаржы институтын білдіретін комиссия мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

32. Комиссия қарыз алушылардың өтінімдерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде қабылдайды.

33. Комиссияның хаттамалық шешіміне:

- 1) қаржы институтының атауы және орналасқан жері;
- 2) мақұлданған/мақұлданбаған қарыз алушылардың атаулы тізбесі, бас тарту себептері;
- 3) қарыз алушылардың әрбір қарыз шарты бойынша кредит/лизинг сомасы;
- 4) әрбір қарыз алушы бойынша әрбір қарыз шартының қолданыс мерзімі;
- 5) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидиялау мерзімі;
- 6) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша нысаналы мақсаты;
- 7) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызы;

8) қарыз алушының әрбір қарыз шарты бойынша субсидияның жалпы сомасы кіреді.

34. Осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген АӨК саласындағы басым қызмет түрлерін субсидияландыру үшін өтінімді қарастыру операторға субсидияландыру үшін өтінім келіп түскен күннен жуық уақыттағы комиссия отырысында жүзеге асырылады және операторға субсидияландыру үшін өтінім келіп түскен күннен бастап айқындалады, бірінші кезекте лизингтік шарттар, екінші кезекте кредиттік шарттар қаралады.

Бұл ретте, бюджетте көзделген қаражаттың кемінде 50 (елу) %-ы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес АӨК саласындағы қызметтің басымды түрлерінде көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу қызметімен айналысатын қарыз алушылардың қарыз шарттарын субсидиялауға бағытталады.

35. Тиісті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бөлінбеген қаражат болған жағдайда, комиссия оларды осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес АӨК саласындағы қызметтің басқа түрлеріне қайта бөледі.

36. Қызметтің басым түрлеріне қосылмаған субсидиялауға арналған өтінім осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген, АӨК саласындағы басым қызмет түрлері бойынша қажеттіліктер комиссияның бір отырысы шеңберінде толық қанағаттандырылғаннан кейін қаралатын болады.

37. Қызметтердің көрсетілген түрлерінің басымдылығы келесі кезектіліктің субсидияландыру үшін өтінімдерді қанағаттандыруға көшкенге дейін жоғары тұрған кезектіліктің қажеттілігін толық қанағаттандыруды болжайды.

38. Егер бюджетте көзделген қаражат барлық өтінімдерді субсидиялау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, субсидиялар сомасын бір отырыс шеңберінде бөлу осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген АӨК саласындағы қызмет түрлерінің басымдылығына сәйкес жүргізіледі.

39. Бір кезектілік шеңберінде субсидиялар сомасын бөлу қарыз алушының субсидиялауға арналған өтінімді ұсыну күніне байланысты жүзеге асырылады.

40. Оператор комиссия отырысын өткізгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде комиссия мүшелерінің қолдарын жинайды және хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір күндік мерзімде қаржы институтына комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің, түпнұсқасын жібере отырып электрондық почта арқылы комиссияның шешімі туралы хатты хабардар етеді.

41. Қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін ақша ұсыну кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарттарына (бұдан әрі – субсидиялау шарттары) сәйкес жүзеге асырылады, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

42. Жұмыс органы Қаулының 11-1 және 11-2 тармақтарына сәйкес комиссияның қарауынсыз, бұрын жасалған субсидиялау шарттарында көрсетілген талаптар мен міндеттерге субсидиялау шартын жасасады.

43. Жаңа субсидиялау шарты комиссияның шешімі негізінде жасалады.

44. субсидиялау шарты оператор, қаржы институты және жұмыс органы арасында мынадай мерзімде:

1) оператор мен қаржы институты арасында – қаржы институты субсидиялау бойынша оң шешім туралы комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің түпнұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) жұмыс органы – оператордан субсидиялау шартын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жасалады.

45. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін операторға субсидиялау шартының 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша, кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидияландыру үшін бюджеттен қаржы аударуға өтінімді (бұдан әрі – аудару өтінімі) жолдайды.

46. Оператор 7 (жеті) жұмыс күні ішінде:

1) өтінім сомасының субсидиялау шарттары бойынша субсидиялау шартына 2-қосымшаға сәйкес қарыз алушылардың субсидиялау кестелерімен аудару өтінімі сомасының сәйкестігі тексеруді жүзеге асырады;

2) субсидиялау шартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды нақты пайдалану туралы есепті тексеруді жүзеге асырады;

3) жұмыс органын субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аударуға өтінімі қоса берілген хатпен хабардар етеді.

47. Қаржы институты жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар сомаларын жұмыс органына аударуы үшін арнайы банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда қызмет көрсетуші банкте арнайы шот ашады.

48. Қаржы институты арнайы банктік шоттағы ақшалай қаражатты тек қарыз алушылардың қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бір бөлігін төлеу үшін пайдаланады.

49. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде қарыз шартын өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін арнайы шоттан есептен шығаруды жүзеге асырады.

50. Қарыз шарты бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында қаражат болмаған жағдайда пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қарыз алушы өз қаражаты есебінен пайыздық сыйақы мөлшерлемесін толық өтеуін жүзеге асырады. Жұмыс

органы пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражатты аудару арқылы өтейді. Бұл жағдайда, қаржы институты қарыз алушыға, алдында төлеген проценттік сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қарыз алушының есептік шотына сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін аудару арқылы өтеуді жүзеге асырады.

51. Жұмыс органы жасалған субсидиялау шартына сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына тоқсан сайын аванстық төлеммен, алдындағы тоқсанның соңғы айында аударды.

52. Жұмыс органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімі негізінде операторға аударуға тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарға жолдайды.

53. Қолданыстағы қарыз шарттарының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсыну) өзгерген жағдайда, қаржы институты операторға қаржыландыру шарттарының өзгеруі жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін қоса отырып хат, негізгі борышты, сыйақыны, субсидия көлемін өтеудің жаңартылған кестесін жолдайды.

Қолданыстағы қарыз шартының талаптарын өзгерту тек қарыз алушының келісімімен ғана мүмкін.

54. Оператор қаржы институтынан қолданыстағы қарыз шартының талаптарын өзгерту жөніндегі хатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) Қағидалар талаптарына сәйкес негізгі борышты, сыйақыны және субсидия есебін өтеудің мерзімі жаңартылған кестесін есептеудің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады;

2) жұмыс органына осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкессіздігі туралы қорытындыны және осы Қағидалардың 53-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

55. Жұмыс органы оператордан қолданыстағы қарыз шартының талаптары өзгергендігі жөнінде қорытынды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістерді субсидиялау шартына енгізеді.

56. Егер арнайы шотта пайдаланбаған қаражат қалдығы пайда болған жағдайда:

1) қарыз алушы бағдарламадан алынып тасталған жағдайда, субсидияны бөлу туралы комиссияның шешімі бойынша қабылданғаннан кейін қаржы институты бір ай ішінде оны төлем жүргізілген тиісті бюджетке қайтарады;

2) қолданыстағы қарыз шарттарының талаптары өзгерген жағдайда қаржы институты төлем жүргізілген тиісті бюджетке тоқсан сайынғы есепті ұсынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды қайтарады.

## **5-тарау. Есептілік**

57. Қаржы институты тоқсан сайын, келесі есепті кезеңнің 20 күніне дейін және жылдың соңында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдайға ақпарат) және жылдың соңында есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін (кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) операторға субсидиялау шартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны нақты пайдаланғандығы туралы есепті ұсынады.

58. Оператор қаржы институтынан нақты пайдаланған субсидиялар туралы есепті алғаннан кейін оған сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің төленген қаражатының осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізеді және жұмыс органына тоқсан сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін және жыл соңында 15 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жылдың соңында 10 ақпанға дейін (1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) жұмыс органына төлемдер мониторингін береді.

59. Жұмыс органы тоқсан сайын және жыл қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) оператордан төлем мониторингісін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астана әкімінің орынбасарларымен келісілген кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

60. Субсидияларды аударуға бірінші өтінім берген кезде нақты пайдаланылған субсидиялар туралы есепті ұсыну талап етілмейді.

61. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 112-бабы 4-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаны іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жолдайды.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі

## Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын ірі қара малдың шартты мал басына ауыстыру коэффициенті

Жануарлардың түрлері	Ауыстыру коэффициенті
Ірі қара мал	1
Шошқа	0,3
Қой және ешкі	0,1
Түйе	1
Жылқы	1

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

Үлгі

## Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға өтінім

Қаржы институты: \_\_\_\_\_

— (қаржы институтының атауы)

Қарыз алушы: \_\_\_\_\_

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты ( жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда) немесе заңы тұлғаның толық атауы)

Кімге: \_\_\_\_\_

— (оператордың атауы)

### 1. Қатысушы туралы мәліметтер

1	Қарыз алушының атауы*
2	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
3	Қарыз алушыны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі және күні (нөмірі, берілген күні мен орны, БСН/ЖСН)



4	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызметтің түрі
5	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша деректер базасында тіркелген ауыл шаруашылығы малдарының саны немесе жердің Бірыңғай мемлекеттік тізілімінде жердің алаңы, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі көрсетілген (осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген шарттармен субсидиялау жағдайында) есептік деректер туралы мәліметтер.
6	Заңды мекенжайы
7	Нақты мекенжайы
8	Банк деректемелері
9	Байланыс телефондары
10	Осы өтінімде көрсетілген АӨК саласында бұрын алынған кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша субсидиялар туралы мәлімет (бар болса): шарт №, күні, кредит/лизинг сомасы, қаржы институтының атауы, бюджеттік бағдарламаның атауы
11	Банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензия туралы мәлімет (бар болған жағдайда): лицензияның № және күні, кіммен берілген

Ескерту: \* 1-9 кестенің көрсетілген жолдарындағы мәліметтер, егер қарыз алушы ауыл шаруашылығы кооперативі болатын болса субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативтерінің әр мүшесіне толтырылады.

## 2. Субсидиялауға жататын Кредит беру шарттары (бұдан әрі – КШ) туралы ақпарат

№	К Ш (№ және күні)	Сомасы, теңге	Сыйақы мөлшерлемесі, %	Субсидияландыру күніне негізгі қарыз бойынша берешек қалдығы, теңге	КШ қолданыс мерзімі аяқталған күн	Кредит беру валютасы
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
№	Кредит берудің/лизингтің мақсаты *		Кредиттің/лизингтің саны	нысанасы,	Лизинг нысанасын өндіруші ел	
	8		9		10	
1						
2						
3						

Ескерту: \* айналым қаражатын толықтыру/ негізгі қаражатты алу/құрылыс/ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникаларын және технологиялық жабдықтарды лизингке алу (керегін қою).

Осымен:

1) қарыз алушының кредиттік және лизингтік шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілмейтіні;

2) қаржылық берешегін және жеделдетілген сауықтыру рәсімін қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны;

3) қарыз шарты республикалық бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырылмағаны расталады.

4) нысаналы мақсаты айналым қаражатын толықтыру, негізгі құралдарды сатып алу мен құрылысқа, ауыл шаруашылығы жануарының, техникасының және технологиялық жабдықтардың лизингі, сондай-ақ айналым қаражатын толтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, ауыл шаруашылығы малын, техникасын және технологиялық жабдықты алуға бағытталған қарызға алынған қаражаттың мерзімінен бұрын толық немесе жартылай өтелімі болып табылады;

5) қарыз алушы айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы малының, техникасының және технологиялық жабдықтың лизингін алуға алғашқы кредиттік шарттарының көшірмесін ұсынды (егер қарыз шартының мақсаты бұрын қарызға алынған қаражатты мерзімінен бұрын толық немесе жартылай өтеу болған жағдайда ұсынылады).

Қарыз алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы

---

(мөр орны (болған жағдайда))

Қаржы институты басшысының немесе оның орнын басатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы \_\_\_\_\_

(мөр орны)

Қаржы институтының өтінім берген күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Оператордың өтінімді қабылдаған күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өтінімді қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі \_\_\_\_\_

-----  
(кесу сызығы)

Талон

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып

алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға өтінім

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутта қарау үшін қабылданды.

\_\_\_\_\_ (қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша

### **Қазақстан Республикасында өңдеп өсірілетін және жемшөптік дақылдар тобына жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі**

Сиыржоңышқа, асбұршақ, түйежоңышқа, тритикале, қара бидай, сұлы, арпа, тары, судандық шөп, могоар, чумиза, құмай жүгері, күнбағыс, жеркүнбағыс, жералмұрт, жемшөптік қымыздық, рапс, қышабас, тұрып, жоңышқа, пышан, беде, эспарцет, ешкібұршақ, еркекшөп, бетеге, бидайық, еркек, тарлау қияқ, мықын, жима тарғақшөп, шалғындық атқонақ, гүлтәжі, байкалдық таран, Лессинг қараматауы, жатаған изен, кейреук, жусан, дәрілік түймедағы, сексеуіл, теріскен, таспа шөп, шоған, Буассье шытыршығы, жүзгін, азықтық шалқан, жемшөптік сәбіз, жемшөптік асқабақ, жемшөптік қызылша, жемшөптік тарна, жемшөптік қарбыз, біржылдық және көпжылдық шөптер, сүрлемдік дақылдар, астықтық жемшөп дақылдары.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
4-қосымша

### **Мал шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен жемшөп өндірісі саласындағы бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктерін субсидиялау есебі**

$W_k = W_j / H$ , мұнда:

$W_k$  – мал шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу және жемшөп өндірісі саласындағы субсидияланатын бір түрдегі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының саны;

$W_j$  – осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарлар басын шартты ірі қара мал басына ауыстыру коэффициентіне сәйкес, қарыз алушыда ірі қара малдың шартты басына есептей отырып тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының саны немесе жемшөп дақылдарын өсіруге пайдаланылатын жер ауданы;

$H$  – бір қарыз алушыға бір түрдегі техника мен технологиялық жабдықтың бір бірлігіне жол берілетін мал басы нормативі, ол ауыл шаруашылығы жануарларының 200 (екі жүз) шартты басын немесе 300 (үш жүз) гектар жемшөп дақылдарын өсіруге пайдаланатын жер көлемін құрайды.

Бөлшек сандар шыққан жағдайда, нәтижесін азайту жағына қарай толық санға айналдырылады.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
5-қосымша

## **Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басым қызмет түрлері**

Етті мал шаруашылығы:

- 1) ірі қара мал үшін репродукторларға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;
- 2) етті мал шаруашылығында жемшөп өндіру үшін суару жүйелеріне негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;
- 3) ірі қара мал өсіру үшін тауарлы фермаларға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;
- 4) бордақылау алаңдарына негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;
- 5) импорттық асыл тұқымды ірі қара мал басын сатып алу;
- 6) отандық асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу (аналық мал басы мен асыл тұқымды бұқалар).

Сүтті мал шаруашылығы:

- 1) сүтті-тауарлы фермаларда жемшөп өндіру үшін суару жүйелеріне негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;
- 2) сүтті-тауарлы фермаларға асыл тұқымды ірі қара мал басын сатып алу.

Қой шаруашылығы:

1) тауарлы фермаларға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;

2) қойлардың аналық басын сатып алу.

Бақтар отырғызуға негізгі және/немесе айналым қаражатын алу (қарқынды, отбасылық).

Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу:

1) сүт бойынша сервистік-дайындау орталықтарына негізгі және/немесе айналым қаражатын алу;

2) сүт өңдейтін кәсіпорындардың негізгі және/немесе айналым қаражатын алуы;

3) ет өңдейтін кәсіпорындардың, ет комбинаттарының негізгі және/немесе айналым қаражатын алуы;

4) сүт таситын, мал таситын көлік құралдарын, рефрижераторлар алу.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

### **Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан 20\_\_  
жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхаттың негізінде әрекет  
ететін \_\_\_\_\_ облысының (қаласының) Ауыл шаруашылығы басқармасы  
бір  
тараптан, бұдан әрі "Оператор" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші  
тараптан және бұдан әрі "Қаржы институты" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, үшінші  
тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке алғанда "Тарап" деп  
аталатындар, төмендегілер туралы осы кредиттер және технологиялық  
жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ  
ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы  
мөлшерлемелерін  
субсидиялау туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты.

## **1. Терминдер мен анықтамалар**

1. Осы шартта Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларының 3-тармағында көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

## **2. Шарттың нысанасы**

2. Осы шарт қаржы институтына ақша қаражаттарын аудару тәртібі мен талаптарын, қаржы институтының қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығаруы процесін оператордың мониторингтеуі талаптарын, тараптардың жауапкершілігін және басқа талаптарды көздейді.

## **3. Шарттың талаптары**

3. Осы шарт бойынша жұмыс органы шартта айқындалатын талаптармен осы шартқа 1-қосымшада көрсетілген қарыз алушыларды субсидиялау кестесіне ( бұдан әрі – субсидиялау кестесі) сәйкес, тиісті "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін операторға осы шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға бюджеттен қаражат аударуға өтінім жолдайды, бұл ретте субсидия сомасы субсидиялау кестесіне сәйкес айқындалады.

5. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударуға арналған өтінім сомасының субсидиялау кестесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және жұмыс органына субсидиялау үшін ақша қаражатының кезекті траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

6. Жұмыс органы тиісті қаржы жылына көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына, алдыңғы тоқсанның соңғы айында аванстық төлеммен аударды. Бұл үшін жұмыс органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде оператордың өтінімі негізінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

7. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде, сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің өтеу кестесіне сәйкес арнайы банктік шоттан қарыз шартына есептен шығаруды жүзеге асырады.

8. Қарыз шарты бойынша төлем күні келіп жеткен және қаржы институтының арнайы банктік шотында пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы толық пайыздық сыйақы мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен өтеуді жүзеге асырады. Жұмыс органы пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражатты аудару арқылы өтейді. Бұл жағдайда қаржы институты қарыз алушыға қарыз алушының есептік шотына пайыздық субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесін аудару арқылы алдында төлеген пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

9. Жұмыс органы:

1) осы шартта белгіленген, тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) қаржы институтынан қарыз алушының өтеу кестесіне сәйкес төлемдерді жүзеге асыру бойынша қаржы институтының алдындағы міндеттемелерді орындау барысы туралы құжаттар мен ақпараттарды сұратып алуға құқылы.

10. Жұмыс органы:

1) шартта көзделген мерзімдерде субсидия сомасын қаржы институтының арнайы шотына аударуға;

2) бюджетте қаражат болмаған жағдайда қаржы институтын субсидияны аударудың мүмкін еместігі туралы хабардар етуге;

3) жұмыс органы тоқсан сайын және жыл қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) оператордан төлем мониторингісін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астана әкімінің орынбасарларымен келісілген кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

4) оператор осы шарттың 5-тармағында көрсетілген құжатты жолдағаннан кейін, жұмыс органы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақша қаражатын аудармаған немесе қаржы институты оны алмаған жағдайда, мұндай факт анықталмаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде операторды хабардар етуге міндеттенеді.

#### 11. Оператор:

1) өзінің құқықтарын және өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін қаржы институтынан қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банк құпиясы қамтылған мәліметтерді, субсидиялау рәсіміне қатысатын қарыз алушы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және оларды алуға;

2) құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған не белгіленген нысандарға сәйкес емес құжаттар ұсынылған немесе өтінім сомасы сәйкес келмеген жағдайда, құжаттарды алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы шарттың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қаржы институтына пысықтауға қайтаруға құқылы.

#### 12. Оператор:

1) осы шартта белгіленген мерзімдерде аударуға арналған өтінім сомасы мен субсидиялау кестесінің сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Өтінім деректері сәйкес келмеген жағдайда, осы факті туралы қаржы институтын хабардар етуге;

2) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығару үшін қаражаттың нақты пайдаланылуы туралы есептерді тексеруді жүзеге асыруға;

3) осы шартта белгіленген мерзімдерде аударуға арналған өтінім сомасы мен қарыз алушыларды субсидиялау кестесінің сәйкестігін тексеру негізінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін ақша қаражатының кезекті траншын аудару туралы жұмыс органына тиісті ұсыныстар енгізуге;

4) оператор тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейін, жыл соңында 15 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жыл қорытындылары бойынша 10 ақпанға дейін (1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) жұмыс органына осы шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияның нақты пайдаланылуы туралы есепті жолдайды;

5) осы шарт талаптарын өзгерту, қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені субсидия қаражатын бөлу жөніндегі комиссияның қарауына енгізуге;

6) қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалануына, қарыз алушының негізгі борыштың бір бөлігі мен сыйақыны уақтылы өтеуіне, қаржы институты



ұсынған құжаттардың негізінде субсидияланатын кредит шартын қарыз алушының мерзімінен бұрын өтеуіне мониторингті жүзеге асыруға және жұмыс органын хабардар етуге міндетті.

### 13. Қаржы институты:

1) қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату жағдайын қоспағанда, жұмыс органынан осы шарттың шеңберінде көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін уақтылы аударуды талап етуге;

2) қарыз алушыны субсидиялауға арналған қаражаттың жеткіліксіздігі туралы жұмыс органын хабардар етуге;

3) қаржы институтының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен қарыз алушының міндеттемелерін өтеу кестесіне өзгерістер енгізуге құқылы.

### 14. Қаржы институты:

1) қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күніне дейін және жыл соңында 10 (оныншы) желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жыл қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін операторға осы шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есеп ұсынады.

"20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" әкімшілік деректер жинақтауға арналған нысаны осы шартқа 4-қосымшада көрсетілген түсіндірмеге сәйкес толтырылады;

2) қарыз алушы негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) айдан артық уақыт орындамаған жағдайда, осы факті анықталған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторға жазбаша хабарлауға;

3) қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсыну) өзгерген жағдайда, операторға қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін қоса отырып хат, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған кестесін жолдауға;

4) операторға осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аударуға арналған өтінім ұсынуға міндетті.

## 5. Тараптардың жауапкершілігі

15. Осы шарт бойынша тараптар осы шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

## **6. Форс-мажорлық мән-жайлар**

16. Егер орындаудың мүмкін еместігі форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болып табылса, тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

17. Форс-мажорлық мән-жайлар басталған кезде, осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының мүмкін болмауы туындаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай мән-жайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуға тиіс.

18. Уақтылы хабарлау болмаған кезде тарап екінші тарапқа хабарламаудан немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

19. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы осы шарттың орындалу мерзімін олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтуға әкеліп соғады.

20. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда тараптардың кез келгені осы шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

## **7. Қорытынды ережелер**

21. Хат-хабар тиісті түрде ресімделген (хат-хабар бланкіде берілген немесе мөрмен бекітілген, басшының қолы қойылған және оның тіркеу нөмірі, күні болған жағдайда, ол тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы тараптың мекенжайына почта арқылы (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, ол тиісті түрде ұсынылған немесе жолданған болып саналады.

22. Осы шарт талаптарының, оның ішінде осы шарттың қолданылу мерзімінің кез келген өзгертілуі, тоқтатылуы, егер осы шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

23. Осы Шарт бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес берілуі тиіс. Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі шешу тәртібі туралы келісті. Барлық жағдайларда қолданылатын заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.

24. Осы шарт барлық тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын қойған күннен бастап күшіне енеді және субсидиялау кестесіне сәйкес қарыз шарттарының мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

25. Осы шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

26. Осы шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 (алты) данада, тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данада жасалды. Осы шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, тараптар шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

27. Осы Шартқа 1, 2 және 3-қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

28. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері, қолтаңбалары:

Жұмыс органы:

Оператор:

Қаржы институты:

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына  
1-қосымша

Нысан

**Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға бюджеттен қаражат аударуға арналған өтінім**

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қаржы институты тиісті

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы

шеңберінде \_\_\_\_\_ облысының Ауыл шаруашылығы басқармасынан

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ субсидиялау шартына сәйкес

бюджеттен қаржы институтының № \_\_\_\_\_ шотына

\_\_\_\_\_ кезеңге \_\_\_\_\_ теңге сомасында

қаражат аударуды сұрайды.

Қаржы институтының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны (бар болса)

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына  
2-қосымша

Нысан

**Қарыз алушыларды субсидиялау кестесі  
(комиссия отырысының 20\_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттамасына сәйкес)**

№	Қарыз алушының атауы	Кредиттік шарттардың жасалған күні, нөмірі	Кредиттің / лизингінің нысаналы мақсаты	Кредиттік шарттың сомасы, теңге	Кредиттік шарт бойынша негізгі борышты қайтару мерзімі	Кредиттік шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %			К м
							Жалпы	Субсидияланатын	Қарыз алушы төлейтін	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	1
	Жиыны									

**кестенің жалғасы**

20\_\_ жыл

Сыйақының жалпы сомасы, теңге					Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге					Қарыз алушы төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, теңге				
Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан	Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан	Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28

**кестенің жалғасы**

20\_\_ жыл

--	--	--

Сыйақының жалпы сомасы, теңге					Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге					Қарыз алушы төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, теңге				
Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан	Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан	Барлығы :	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан
29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43

Жұмыс органы \_\_\_\_\_

Мөр орны қолы (тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қаржы институты \_\_\_\_\_

Мөр орны қолы (тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Оператор \_\_\_\_\_

Мөр орны қолы (тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына  
3-қосымша

Нысан

**20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп**

**Есепті кезең: 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсан**

Индексі: № 1-ГС нысан

Кезеңділігі: тоқсандық

Ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы институты, оператор, облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы.

Қайда ұсынылады: операторға, \_\_\_\_\_ облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Ауыл шаруашылығы басқармасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне.

Ұсыну мерзімі: қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін жыл соңында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жылдың қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін операторға береді. Оператор тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін, жыл соңында 15 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жыл қорытындылары бойынша 10 ақпанға дейін (1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) облысының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы береді.

№	Қарыз алушының атауы	ЖСН / БСН	Шарттың № және күні	Кредит сомасы, теңге	Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойынша барлық көзделгені (комиссия хаттамасы бойынша бекітілген) теңге	Барлық аударылған субсидиялар, теңге		Қаржы институты қарыз алушыға		Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге	Пайдалан субсидия облыс, республикалық маңызы бар қала мен астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына	оның ішінде есепті кезеңде (7-баған - 9-баған)	оның ішінде есепті кезеңде (8-баған - 10-баған)	Ауыл шаруашылығы басқарма қайтару (теңге)
						барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	барлығы	оның ішінде есепті кезеңде					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13		
	Жиыны:													

Қаржы институтының басшысы \_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны (бар болса)

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсан

үшін субсидиялардың

нақты пайдаланылуы

туралы есеп нысанына

қосымша

**"20 \_\_\_ жылғы \_\_\_ тоқсан**

**үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп"  
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. "20 \_\_\_ жылғы \_\_\_ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын қаржы институты операторға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін, жыл соңында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жылдың қорытындылары бойынша (келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін ұсынады.

2. Оператор "20 \_\_\_ жылғы \_\_\_ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасына тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін, жыл соңында 15 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) және жылдың қорытындылары бойынша 10 ақпанға дейін (1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпарат) жолдайды.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"№" деген 1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

"Қарыз алушының атауы" деген 2-бағанда субсидиялауға мақұлданған қарыз алушы көрсетіледі;

"ЖСН/БСН" деген 3-бағанда қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Шарттың № және күні" деген 4-бағанда қарыз алушының қарыз шартының нөмірі және күні көрсетіледі;

"Кредит сомасы, теңге" деген 5-бағанда жасалған қарыз шартының жалпы кредит сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойынша барлық көзделгені (комиссия хаттамасы бойынша бекітілген), теңге" деген 6-бағанда қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне көзделген субсидия сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Барлық аударылған субсидиялар, теңге" деген 7, 8, 9 және 10-бағандарда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты есепті кезең үшін қарыз алушыға аударған субсидиялар қаражатының жалпы нақты көлемі және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге" деген 11 және 12-бағандарда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты қарыз

алушыға аударған жалпы нақты субсидия көлемдері арасындағы айырмашылық (11-баған = 7-баған - 9-баған), оның ішінде есепті кезең үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасы қаржы институтына және қаржы институты қарыз алушыға аударған субсидиялар арасындағы айырмашылық (12-баған = 8-баған - 10-баған) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Пайдаланылмаған субсидияларды жұмыс органына қайтару (нақты), теңге" деген 13-бағанда қаржы институты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасының есебіне аударған пайдаланылмаған субсидиялардың нақты сомасы және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі;

"Қаржы институтының арнайы шотындағы субсидиялардың қалдығы (11-баған - 13-баған), теңге" деген 14-бағанда субсидиялар сомасы, қарыз шарттары бойынша есептелген және есептен шығарылған субсидиялардың сомасы және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауыл шаруашылығы басқармасына қайтарылған пайдаланылмаған субсидиялардың нақты сомасы арасындағы айырмашылық (14 баған = 11-баған - 13-баған) және осы көрсеткіштің өлшем бірлігі көрсетіледі.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына  
7-қосымша

Нысан

"Келісілді"

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана  
әкімінің орынбасары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

**20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан үшін кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтер**



20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_

— Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы \_\_\_\_\_

— Жергілікті бюджет қаражаты \_\_\_\_\_

— (бюджеттік бағдарламаның атауы)

— (бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

№	А Ө К субъектілерінің атауы	БСН	Қаржы институтының атауы	Кредиттің/лизингтің нысаналы мақсаты және техниканың атауы	Қарыз шартының сомасы, мың теңге	А Ө К субъектісі қаржы институтына өтінім берген сәтке негізгі борыштың сомасы, мың теңге	Жалпы сыйақы мөлшерлемесі, %	Субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесі,
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы:							

Жұмыс органы \_\_\_\_\_

— Мөр орны (бар болса) (тегі, аты, әкесінің аты (қолы)  
бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 23 мамырдағы  
№ 232 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің  
күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1. "Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 9-1/613 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9939 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 9-1/613 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 9-1723 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12079 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 18-03/947 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарының тізбесіндегі 1 бөлігіне өзгерістер енгізіледі (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12314 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).